

Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

● №28 (10 283)

● 18 шілде

● жұма

● 2025 жыл

● aksuoniri@mail.ru

АҚОРДА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Қасым - Жомарт Тоқаев халықаралық олимпиада жеңімпаздарын құттықтады



Мемлекет басшысы Барселона қаласында өткен халықаралық STEM олимпиадасында, сондай-ақ Біріккен Араб Әмірліктерінде ұйымдастырылған химия пәнінде халықаралық олимпиадада жеңіске жеткен қазақстандық оқушыларға құттықтау жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұны еліміздің абырой-беделін арттыра түсетін тарихи жетістік ретінде бағалады.

— Бұл — Қазақстанда білім беру саласы қарқынды дамып келе жатқанының айқын дәлелі. Мемлекет жастардың сапалы білім, тағылымды тәрбие алуына әрдайым баса мән береді. Еліміз Сіздерді мақтан тұтады. Жарқын жеңістеріңіз көп болсын! — деп жазды Президент.

Президенттің экономиканы дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау: Үкімет жарты жылдықта ЖІӨ-нің 6,2%-ға өсуін қамтамасыз етті

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында осы жылдың 6 айындағы әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылу нәтижелері қаралды.

Премьер-министрдің орынбасары — ұлттық экономика министрі Серік Жұманғалин экономикадағы қазіргі ахуал туралы баяндама жасады. Ұлттық Банк төрағасы Тимур Сүлейменов фискалдық және ақша-несие саясатын іске асыру туралы, республикалық бюджеттің атқарылуы туралы қаржы министрі Мәди Тәкиев баяндады. Сондай-ақ, өнеркәсіп және құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік, сауда және интеграция, энергетика, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлерінің және бірқатар өңір әкімдерінің баяндамалары тыңдалды.

Алдын ала мәліметтер бойынша, 2025 жылғы қаңтар-маусым айларында ЖІӨ көрсеткіші 6,2%-ға жетті. Өсу қарқынының артуы құрылыс, сауда, өнеркәсіп және байланыс салаларында тіркеледі.

Премьер-министр Президенттің экономиканы әртараптандыру және оның ұзақмерзімді әрі тұрақты өсуін қамтамасыз ету жөніндегі міндетіне назар аударды. Осыған байланысты іскерлік белсенділікті ынталандыру, инфрақұрылымды дамыту және цифрлық технологияларды енгізу үшін қажетті Үкімет қабылдаған кешенді қадамдардың маңыздылығы атап өтілді.

«Мемлекет басшысының өсімді қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында Үкімет тарапынан жүйелі шаралар қабылданып, іске асырылып жатыр. Негізгі көрсеткіштер бойынша оң динамика бар. Инвестицияларды белсенді түрде тарту



түрлі салаларда аса маңызды бірқатар инфрақұрылымдық жобаларды бастауға ықпал етті. Мемлекет басшысы өңіріміздегі тұңғыш суперкомпьютер кластерін іске қосты. Оны қолдану кең ауқымды цифрландыру мен ашықтықты арттырып, көптеген экономикалық мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік береді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр экономиканы әртараптандыру арқылы ұзақмерзімді әрі орнықты өсімді қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Негізгі капиталға салынатын инвестициялар мен тікелей шетелдік инвестициялар бойынша нысаналы көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету керектігі атап өтілді. Осыған байланысты өңірлік инвестициялық штабтарды неғұрлым белсенді пайдалану міндеті қойылды. Жоғары технологиялық өнім шығару саласында экспортқа бағдарланған жобаларға баса назар аудару қажет. Өңдеу өнеркәсібінің тұрақты өсуі үшін ұзақмерзімді тапсырыстармен қамтамасыз ете отырып, отандық кәсіпорындардың өндірістік жүктемесін арттыру тапсырылды.

Сонымен қатар арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарда тиісті инженерлік, сондай-ақ, көлік инфрақұрылымын құру жұмыстарын жеделдету қажет. Олжас Бектенов халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын белсенді тартудың маңыздылығын атап өтті.

Еліміздің транзиттік әлеуетін одан әрі кеңейту үшін көлік дәліздерінің өткізу қабілетін арттыру шараларын жеделдету міндеті қойылды.

«Бұл алдағы жылдары 3 мың шақырымнан астам автокөлік жолын күрделі жөндеу, өткізу бекеттерін жаңғырту, Қазақстан арқылы өтетін теміржол дәлізі аясында жаңа жобаларды іске асыру, халықаралық авиахабтар құру жұмыстары басты назарда болуға тиіс. Бұл шаралар 2028-ші жылға қарай әуе көлігімен жүктерді тасымалдау көлемін, сондай-ақ, 2027-ші жылға қарай теміржол транзитін 2 есеге арттыруға мүмкіндік береді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Бұған қоса егін орағы мен жылыту маусымына дер кезінде дайындалу үшін ішкі тасымал көлемін ұлғайту тапсырылды.

Ауылшаруашылығы өнімдерінің жеткілікті әрі сапалы қорын қалыптастыру үшін Премьер-министр тиімді логистиканы қамтамасыз етіп, өнімді сақтау және сату тетіктерін әзірлеуді тапсырды.

Мүдделі мемлекеттік органдарға сауда саласының одан әрі дамуын және отандық өнімнің сыртқы нарықтарға шығын қамтамасыз ету мақсатында цифрлық инфрақұрылымды қалыптастыру үшін арнайы аграрлық азық-түлік маркетингін құру бойынша ұсыныстар енгізуді тапсырылды.

Мұнай-газ саласында «Теңіз» кен орнындағы «Болашақ» кеңейту жобасын және «Ұңғыма» өрнеуінің қысқын басқару» жобасын толық іске қосуды аяқтауды, сонымен қатар газ өңдеу зауыттары салу жобаларын іске асыруды жеделдетуді тапсырды.

Премьер-министр орталық және жергілікті атқарушы органдарға Инфляцияны бақылау мен төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенінің сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

«Бағаны тұрақтандыру — Үкімет пен әкімдіктер жұмысының маңызды нақтылығы. Өңірлер ішкі нарықты өніммен қамтамасыз ету және делдалдық схемаларды анықтау жұмыстарын күшейтуге тиіс. Бұл орайда тұрақтандыру қорлары, форвардтық келісімдер, субсидиялау және баға тұрақтылығын қамтамасыз ету сияқты тиімді құралдар бар. Сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіруге арналған басым дақылдардың егіс алқаптарын ұлғайту керек. Барлық бағыттар мен салалар бойынша кең ауқымды шараларды жүзеге асыру — тұрақты экономикалық өсімнің берік негізі», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Президент тапсырмаларын орындау: Вице-премьер Ермек Көшербаев Алакөл көлінің жағалауындағы демалыс аймақтарын тексерді



ету үшін жағалау аумағында кезекшілік атқаратын ТЖ қызметкерлерінің санын арттыру мәселесі қарастырылатын болады. Жағалаудағы жайма сауда мәселесіне де ерекше назар аударылды. Вице-премьер сауда нүктелері ретінде су және электр желісіне қосылған тұрақты дүңгіршектер орнату керектігін және оларда санитарлық - эпидемиологиялық талаптардың қатаң сақталуы қажеттігін атап өтті.

«Бұл мәселелер тек Алакөлге ғана емес, елдегі барлық өңірлерге тән. Мұндай түйткілдер еліміздің демалыс аймақтарында жиі туындайды. Біз барлық ұсыныстарды

жинақтап, үздік тәжірибелерді саралап, Туризм және спорт министрлігінде жауапты мемлекеттік органдардың қатысуымен арнайы кеңес өткізетін боламыз. Туризм — тек бизнес емес, бұл ең алдымен азаматтардың өмір сүру сапасының көрсеткіші», — деді Ермек Көшербаев.

Сапар аясында Вице-премьер Ақши ауылындағы теміржол вокзалында да болып, туристермен тілдесті. Туристердің пікіріне қарағанда, мұнда оң өзгерістер байқалады, алайда жағажайлардың кейбір аймақтарында түйткілді мәселелер демалыс сапасына әлі де көлеңке түсіруде.

«Алакөлге отбасымызбен алғаш рет келіп отырмыз. Вокзалда да жағажайда да реттілік бар. Жағажайларда, киім шешетін орындар мен душ кабиналары көбірек болса екен дейміз», — деді пікірін білдірген демалушы Галина Чепрына.

«Сегіз жылдан бері бір жерге келіп демалып жүрміз. Қызмет көрсетуі, ауасы, суы — бәрі ұнайды. Дегенмен, жағажай учаскесінің қай-қайсының да, әсіресе, тегін аймақтардың бір стандартқа сай болғанын қалаймыз», — дейді алматылық туристер.

Биыл көп жағалауында электрмен қамтамасыз ету мәселесі шешімін тапты. Бескөлден Ақши ауылына дейін ұзындығы 56,7 шақырымды құрайтын жоғары кернеулі электр желісі мен жаңа қосалқы станса салынды. Маусым айынан бастап электр энергиясы үздіксіз беріліп келеді. Жағалау аумағы интернетпен қамтылған, 16 базалық станса жұмыс істеп тұр, сондай-ақ талшықты-оптикалық байланыс желісі тарылды.

Жұмыс салалық министрліктермен үйлестіріле отырып жүргізілді. Жұмыс тобы құрамына енген барлық вице-министрлер өзінің жауапты бағыттары бойынша демалыс аймақтарына барып, ондағы жағдаймен танысты. Нәтижесінде олар вице-премьерге олардың қазіргі жағдайы мен қабылдануы тиіс қажетті шаралар туралы есеп берді.

«Біз уақытша шешім қабылдап отырған жоқпыз, ұзақ мерзімді, тұрақты жүйе қалыптастырып жатырмыз. Қазақстанның туристік аймақтары халықтың үмітін ақтап қана қоймай, жаңа стандарттарға сай болуы тиіс. Бұл тек туристер үшін емес, ең алдымен қазақстандықтардың өздері үшін маңызды. Барлық өңірлерге жасалған сапарлардың қорытындысы бойынша Үкімет деңгейінде жүйелі шешімдер қабылданатын болады», — деді сөзін қорытындылаған Ермек Көшербаев.

Басымдық берілетін туристік бағыттардың жай-күйін бағамдау мақсатында өңірлерге жұмыс сапарын жалғастырған ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев Жетісу облысындағы басты туристік бағыттардың бірі саналатын Алакөл көлі жағалауы инфрақұрылымының қазіргі жағдайымен танысты. Облыс құрылғаннан бері Алакөл ауданына 4,8 млн. турист келген, соның 1,8 млн.-ны өткен жылдың үлесінде.

Сапар барысында Вице-премьер коммуналдық жағажайда болды, мұнда өзге де аймақтардағы сияқты кешенді тұрғыда шешуді қажет ететін көптеген жүйелі мәселелердің бар екені анықталды. Бастапқы шарттар бар болғанымен, ашық және қолжетімді аумақтағы көптеген демалыс орындарында санитарлық жағдай, инженерлік және инфрақұрылымдық жағынан бірқатар түйткілдер сақталып қалып отыр.

«Коммуналдық жағажайда демалуға келетін адамдар да жекеменшік демалыс аймақтарындағыдай базалық жайлылықпен, қауіпсіздікпен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл — өділеттілік қағидасы. Адам қай жерде де таза, төртіпті әрі ретті ортада демалуы керек», — деп атап өтті Ермек Көшербаев.

Премьер-министрдің орынбасары аудан әкімі мен жауапты салаларға жағажайдағы санитарлық жабдықтауды күшейту, қосымша қоқыс жәшіктерін сатып алу, судағы белгілер желісін ұзарту және шағын көлемді кемелерге арналған қауіпсіз кіру аймақтарын белгілеу жөнінде бірқатар тапсырма берді. Сонымен қатар киім ауыстыратын орындар, душ кабиналарын орнату, абаттандыру, соның ішінде белсенді демалыс аймақтарын қалыптастыру мүмкіндігін қарастыру тапсырылды.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ИТАЛИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ



Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев облыс әкімдігінде Италия Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Антонелло Де Риу мырзамен кездесті, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бейбіт Исабаев италиялық меймандарды жылы шыраймен қарсы алып, Антонелло Де Риу мырзаны Қазақстандағы елшілік қызметінің басталуымен құттықтады. Сол сияқты шетелдік делегацияға Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары жайлы қысқаша айтып берді.

– Жалпы, өңірде бес стратегиялық бағыт бойынша жұмыс жүргізілуде: агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, көлік және логистика, туризм, баламалы энергетика және өнеркәсіп, оның ішінде жер қойнауын пайдалану саласын дамыту. «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығы мен «Қорғас – Шығыс қақпасы» еркін экономикалық аймағы табысты жұмыс істеп тұр. Бізде баламалы энергетиканы дамытуға қажетті табиғи алғышарттар – күн, жел және тау өзендерінің су ресурстары жеткілікті. Осыған байланысты жаңартылатын энергия көздері секторы біздің стратегиямыздың маңызды

бөлігі саналады, – деген облыс әкімі италиялық серіктестермен ынтымақтастықты дамытуға мүдделі екенін білдірді. Сөзінің соңында өңірде инвесторлар үшін қолайлы инвестициялық жағдай жасалғанын, соның ішінде оларға заң аясында қолдау мен сүйемелдеу жасалатынын айтты.

Өз кезегінде Антонелло Де Риу екі ел арасындағы өзара тиімді серіктестікті нығайтуға мүмкіндік беретін әлеуетті деген негізгі бағыттарды атап өтті.

– Біз Талдықорған қаласындағы индустриялық аймаққа қызығушылық танытып отырмыз. Алдағы уақытта әрбір италиялық

кәсіпкер Қазақстаннан өзіне іскер серіктес таба алатындай арнайы платформа құрғымыз келеді. Сонымен қатар Италияның туризм саласында сапалы қызмет көрсететін мамандар даярлауда мол тәжірибесі бар, – деді Елші.

Іскерлік кездесуді қорытындылай келе, тараптар бұл кездесу түрлі салаларда екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың маңызды қадамы болатынына сенім білдірісті.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.
Фотосуреттердің авторы: Жеңіс ЫСҚАБАЙ.**



ЖЕТІСУДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН МУРАЛ САЛЫНДЫ

Жетісу облысында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арнап мурал салынды. Талдықорған қаласындағы көп қабатты үйлердің бірінің қабырғасына салынған бұл сурет Ассамблеяның ел бірлігін, татулық пен тұрақтылықты сақтаудағы рөлін айшықтап тұр, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бұл теңдессіз арт-нысан – Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойына арналған, еліміздегі этностардың татулығын, достығын және мәдени ортасын бейнелейтін ерекше көркем туынды. Суретте түрлі этнос өкілдері, ұлттық ою-өрнек, достықты білдіретін символдар мен Ассамблеяның мерейтойына қатысты элементтер көрініс тапқан. Муралды жас қазақстандық суретшілер тобы бірлесіп салды. Жобаның идеясы мен көркемдік тұжырымдамасы Жетісу облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы мен жергілікті шығармашылық ұйымдардың қолдауымен жүзеге асырылды.

– Жетісу облысында «Бірлік пен келісімнің 30 жылы» ұранымен мерейтойлық дата аясында сан түрлі іс-шара өткізілуде. Мурал облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы



мүшелерінің бастамасымен салынды. Қабырға суретінде түрлі этностың ортақ болашағы, ұлттық құндылықтарды біріктіретін бейнелер қамтылған. Әр элемент – халқымыздың ортақ тарихы мен мәдениетіне көрсетілген құрмет, – дейді Жетісу облысының «Қоғамдық келісім» КМК басшысы Еркебұлан Ақболатов.

Мурал салынған «Қаратал» шағын ауданы, 18/2-үйдің тұрғыны Олеся Алахвердиева да пікірін білдірді:

– Мұндай арт-нысандар

қаламызды көркейтіп қана қоймай, терең мағыналы ойды жеткізетінін қуантады. Сондықтан оларды өте маңызды деп есептеймін. Әрі көз қуантады, әрі халқымыздың сан алуан мәдениетке бай екенін, бейбітшілік пен достықтың, бірлік пен татулықтың құндылығы қаншалықты жоғары екенін айшықтап тұр, – деді ол.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ
Фотограф: Жеңіс ЫСҚАБАЙ.**

ЖЕТІСУДЫҢ МАҚТАНЫШЫ: ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ “СЛАВЯН БАЗАРЫНЫҢ” ЖЕҢІМПАЗЫ АЛМАГҮЛ БАТТАЛИЕВАҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ



Беларусияның Витебск қаласында өткен эстрадалық әндердің «Славян базары» XXXIV халықаралық фестивалінің гран-при иегері атанған Дәнеш Рақышев атындағы Жетісу облыстық филармонияның жеке дауыстағы әншісі Алмагүл Батталиеваны бүгін облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов құттықтап, Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаевтың атынан «Құрмет Грамотасын» және ақшалай сертификат табыс етті, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бүгін таңертең Жетісу облысының делегациясы «Славян базары» фестивалінің бас жүлдегерін Алматыдағы әуежайдан қарсы алған болатын. Сол сияқты Талдықорғанның кіреберісінде де жетісулық әріптестері А.Батталиеваға құрмет көрсетіп, күтіп алды.

Облыс әкімдігінде жас әншіні қабылдаған Диас Есдәулетов қазақ өнерін насихаттауға қосқан үлесі үшін оған алғысын білдіріп, «Славян базары» фестивалі өткен жылдар ішінде қазақстандықтар бірнеше мәрте гран-при иеленіп, жүлдегерлер қатарынан көрінгенін атап өтті. Әншінің еңбегіне табыс тілеп, жеңісімен құттықтады.

Туған еліне қуанышпен оралған «Славян базарының» жеңімпазы А.Батталиева:

– Осы арманыма қол жеткізу үшін сегіз жыл еңбектендім. Менің бойымда жақсы қасиет көп, соның ішінде мақсатқа жетудегі табандылығым мені осындай биікке жеткізді. Өліге дейін жеңімпаз болғаныма сене алмай тұрмын. Маған қолдау білдірген облыс әкімігіне, мәдениет басқармасының басшылығына, Дәнеш Рақышев

атындағы өзімнің сүйікті филармониямның ұжымына алғысымды білдіремін. Өсіресе, ұстазым Меруерт Мүсірәліге көп рахмет. Ол мені ұзақ жылдар бойы осындай музыкалық сайыстарға дайындап, баптады. Теледидар арқылы қолдау көрсеткен туған-туыстарыма, жақындарыма, әсіресе, «Бозторғай» қоғамдық қорының басшылығына айтар алғысым зор, – деді.

Сондай-ақ, ол алдағы күндерде магистратураға грантқа түсуге талапанып көретінін айтты.

Облыс әкімдігінде өткен салтанатты шарадан кейін «Славян базары – 2025» байқауының жеңімпазы мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменовтің қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті.

Жалпы Алмагүл Батталиеваның Дәнеш Рақышев атындағы Жетісу облыстық филармониясында жеке дауыстағы әнші болып жұмыс істеп жүргеніне үш жыл болды. Ол бұған дейін де бірнеше республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты атанған.

Атап өтсек, ол 2015 жылы П.Чайковский атындағы музыка колледжінде, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында білім алған. Сонымен қатар Алмагүл бірнеше аспапты – аккордеон, фортепиано және укулелены еркін меңгерген.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.
Фотосуреттерді түсірген:
Жеңіс ЫСҚАБАЙ, Дмитрий ЕРОФЕЕВ.**



АУДАН ТЫНЫШСЫ



13 шілде күні ауданымыздағы Жансүгіров, Жаңалық, Көшкентал және Ойтоған ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы өтті.

Сайлау нәтижесі бойынша Мұсабаланов Ілияс Сәбитұлы Жансүгіров ауылдық округінің әкімі болып қайта сайланды.

Жаңалық ауылдық округінің әкімі болып Сапарғалиев Ринат Дүйсенғалиұлы, Алдаберген Олжас Жұмашұлы Көшкентал ауылдық округінің әкімі болып қайта сайланса, Қалқаман Еркебұлан Ойтоған ауылдық округінің жаңа әкімі болды.

Аудан әкімдігінің аппарат жиыны жаңа әкімдерге сәттілік тілеуден басталды.

Аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы жаңадан сайланған әкімдерді таныстырып, орнынан босап қалған әкімдер жұмыспен қамтылатынын жеткізіп, рахмет айтты.

Жаңалық ауылдық округінің әкімі болған жасы да, беделі де ең жоғары Мұсанов Берік Асылбекұлын зейнет жасқа шығуымен құттықтап, Алғыс хат пен, арнайы сыйлық табыстап, құрметпен шығарып салды.





АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖҰМЫСТАРЫНА ШОЛУ

Қант қызылшасы 2700 га себіліп, 100 пайыз толық арам шөпке қарсы химиялық өңдеуден өтіп, 100% тыңайтқыш берілді. Оның 1860 гектары бірінші шөптеу, сиретуден өтті. яғни, 68,9 пайызы. Қант қызылшасы суды жақсы көретін өсімдік. Осы уақытқа дейін екі рет суғарылып, кейбір шаруалар үшінші су беруді бастап кеткен.

Аудан бойынша 11700 га майбұршақ себілсе, 3150 га дәндік жүгері себілді. 100 пайыз толық арам шөпке қарсы химиялық өңдеуден өтті.

8100,0 га күздік бидай егілген. Оның 1250,0 гектары қазіргі уақытта ораққа түсіп, одан 2120,0 тонна өнім жиналды. Өнімділігі гектарына 17,0 тоннадан айналууда.

Мал азығын дайындау. Барлығы 26 570 гектар жерден 67 490 тонна шөп жиналды. Оның ішінде көп жылдық шөптің бірінші шабындығынан 40 000 тонна шөп алу жоспарланса ол 30 000 тоннаға орындалды. Екінші шабыннан 41 825 тонна, үшінші шабыннан 43 020 тонна өнім күтілуде. Бір жылдық шөптің бірінші шабынынан 1 279 гектардан 3 198 тонна шөп



алу жоспарланса, оның 470 гектары шабылып, 2 115 тонна шөп пірестелді. Әзірге табиғи шөптен 35 375 тонна жиналды.

Балапанды күзде сана дегендей қазіргі уақыттың

а у ы л ш а р у а ш ы л ы қ жұмыстарына жасаған шолуымыз осындай. Жұмыстар қарқынды жалғасуда.

Ербол СЫМХАНОВ.

ЖЕТІСУДЫҢ ШАЛҒАЙ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНІҢ МЕКТЕПТЕРІНЕ ЖАҢА АВТОБУСТАР БЕРІЛДІ



Жетісу облысының шалғай ауылдардағы мектептерге 8 жаңа автобус берілді. Бұл жаңа көліктер оқушыларды тасымалдаудың қолайлылығын қамтамасыз ететін болады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Атап айтқанда, Ескелді ауданының Бақтыбай және Алдаберген ауылдарына, Қаратал ауданының Көкпекті, Кербұлақ ауданының Шанханай, Сарыбұлақ, Сарыөзек ауылдарына, Көксу ауданының Балпық би ауылына, Сарқан ауданының Черкасск ауылына мектептерге автобустар кілтін облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов салтанатты түрде табыстады. Ол өз сөзінде балалардың білімге қолжетімділігін арттыру басты міндет екенін тілге тиек етіп, жаңа автобустармен қамту балалардың мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам екенін атап өтті.

- Біздің мектепте 122 оқушы бар, соның 15-і Аққайың ауы-

лынан келіп оқиды. Бұған дейін оқушыларды тасымалдайтын ескі автобусымыз болған. Енді оның орнына жаңа, заманауи, қолайлы автобус берілді. Бұл жайлылық қана емес, балалардың қауіпсіздігі үшін де маңызды, - деп атап өтті Черкасск орта мектебінің директоры Бауыржан Ибраимова.

Бұл автобустар отандық өндіруші «Daewoo Bus Kazakhstan» ЖШС зауытында жасап шығарылған. Автобустарда қауіпсіздік белдіктері, ауа салқындату жүйесі, дыбыс зорайтқыш, сигнал түймесі бар. Сол сияқты дәрі қобдишасымен, өрт сөндіргіш және авариялық белгілермен жабдықталған.

Жалпы Жетісу облысының мектептерінде 94 автобус оқушылар тасымалына қызмет көрсетеді. Бұл автобустармен 87 елді мекеннің 2513 оқушысы тасымалданады.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Ағымдағы жылдың шілде айында Ескелді ауданы әкімінің аппаратында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті өкілдерінің қатысуымен маңызды семинар ұйымдастырылды. Іс-шара мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаларды, Әдеп кодексінің талаптарын және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әдебін сақтау мәселелерін талқылауға арналды.

Семинардың басты тақырыбы – мемлекеттік қызметтегі әдеп пен заңдылықты нығайту, қызметтік тәртіп пен жауапкершілік деңгейін арттыру болды. Бұл – қазіргі қоғамда мемлекеттік қызметке деген сенімділік пен ашықтықты қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі.

Жиын барысында Департамент қызметкерлері мемлекеттік қызмет туралы заң нормаларына және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексіне жан-жақты тоқталып, оның талаптарын күнделікті қызмет барысында қалай дұрыс қолдану керектігі жөнінде нақты түсініктемелер берді. Сонымен қатар, қатысушыларға құқықбұзушылықтардың алдын алу жолдары тәжірибелік мысалдар арқылы түсіндірілді.

Семинарда талқыланған негізгі мәселелердің қатарында мемлекеттік қызметшінің қоғам алдындағы жеке жауапкершілігі, қызметтік әдебі, сондай-ақ, мінез - құлқының мемлекеттік органның беделіне және азаматтардың сеніміне әсері ерекше назарда болды. Қоғаммен және азаматтармен қарым-қатынастағы ашықтық, әділеттілік, бейтараптық қағидаттары – бүгінгі мемлекеттік қызметшінің ажырамас сипатына айналуы тиіс екені айтылды.

Сондай-ақ, қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мүдделер қақтығысын болдырмау, қоғамдық бақылаудың рөлін арттыру, қызметтік әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметі сияқты бағыттарда да кеңінен ақпарат ұсынылды. Бұл тақырыптар аясында нақты мысалдар келтіріліп, туындауы мүмкін күрделі жағдайларды болдырмаудың тиімді жолдары көрсетілді.

Кездесу соңында Департамент өкілдерімен қатысушылардың сұрақтарына нақты әрі жан-жақты түсіндірмелер беріліп, қызмет барысында кездесетін түрлі құқықтық және әдеп мәселелері бойынша тәжірибелік кеңестермен бөлісті.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің өкілдері мұндай кездесулер алдағы уақытта да жүйелі түрде өткізіліп, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін, әдептілік деңгейін, кәсіби жауапкершілігін арттыруға бағытталатынын атап өтті.

Осы сынды семинарлар мемлекеттік аппараттың ашықтығын, тиімділігін арттырып қана қоймай, халықтың билікке деген сенімін нығайтуға да өз үлесін қосатыны сөзсіз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ.

АБЫСЫН ТАТУ БОЛСА...



Жақында облыс орталығы Талдықорғанда «Қазақ аналары - дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Абысын – ажын» деп аталатын облыстық байқау өтті.

Байқаудың мақсаты - қазақтың салт - дәстүрі мен мәдени мұрасын насихаттау. Абысындар арасындағы жарасымды татулықты үлгі ету, жас келіндерді ұлттық рухта тәрбиелеу. Аталмыш байқау арқылы заманауи келіннің болмысын қалыптастыру.

Облыстың аудан мен қалаларынан келген қатысушылар фойеде ұлттық бұйымдардан көрмәс ұйымдастырды. Көздің жауын алатын құрақ көрпелер, бас киімдер, түскііздер, зерделі камзолдар ұлттың тарихынан сыр шертіп тұрғандай болды.

Бұл байқауға біздің ауданымыздан аталмыш қоғамдық бірлестіктің Ақсу аудандық филиалының төрайымы Лаубаева Несіпхан Жәнетқызының ұйымдастыруымен, аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлының қолдауымен Сағабүйен ауылдық округінің «Шоңай ата» әулеті қатысып,

жүлделі II орынмен оралды. Жеңімпаздарды аудандық аппарат жиынының алдында, көпшіліктің көзінше аудан әкімі тағы да құттықтап, арнайы марапаттады.

Сонымен, Өтенай ауылдық мәдениет үйінде ұйымдастырылған ізгі іске бір шаңырақтың келіндері жайнап киініп, қолдан жасаған бұйымдарын ала барды.

Біздің ауданымыздан қатысқан «Шоңай ата» әулетінің келіндері, ежелерден бастап айтсақ, Құмарбекова Төлеухан апамыз бен Сәлкеева Шырайлым апамыз бастаған, абысындар – Гүлсім Тұрсынова, Сайлау-хан Мұздыбаева, Майра Есжанова, Нұрзия Төлеубаева, Раушан Қызабайбаева, Берікгүл Қожахметова, Райхан Айтжанова, Айгүл Мұқашева, және Марал Ғазизовалар қатысып, өз өнерлерін көрсетіп, көрермендер көзайымына айналып, әділқазылардың әділ бағасымен жүлделі II орынды алып келді.

«Қазақ аналары - дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің бас кеңесшісі Зәмзәгүл Мұқанова мен бірлестіктің Талдықорған қалалық филиалының бас кеңесшісі

Айнагүл Мұқановалар шараны жан - жақты ұйымдастырып, тәрбиелік мәніне баса назар аударғандығын көрсетті.

Байқау төрт кезеңнен тұрды. Өр кезеңде қатысушылардың тапқырлығы, өнері, ұлттық дәстүрге деген құрметі сарапқа салынды.

Бірінші кезең – «Сәлем - сөздің анасы» деп аталды. Мұнда абысындар бір - бірін әзіл - қалжың арқылы таныстырады. Қатысушылардың ұлттық нақыштағы, бірақ қазіргі заманға сай киім үлгісі де бағаланды.

Екінші кезең – «Өнерлінің қолы алтын. өлеңшінің сөзі алтын!», Бұл бөлімде келіндер ән айтып, би билеп, өз қолдарымен жасаған ұлттық қолөнер бұйымдарын көпшілікке ұсынды. Мұнда фонограмма қолданылмады. Барлығы табиғи, шынайы өнер болуға тиіс.

Үшінші кезең «Өмірдің айнасы - маған пайдасы» деп аталады. Қатысушылар интернеттің пайдасы мен зияны туралы сахналық көрініс қойды.

Төртінші кезең - «Отбасым - кіші Отаным!». Мұнда бүкіл отбасы мүшесі қатысып, салт - дәстүрге негізделген шағын көрініс көрсетті. Байқауға қатысушылардың жасы мен санына шектеу қойылмады. Бір ғана шарт - барлығы бір әулеттің келіні болуы тиіс.

Әділқазылар абысындардың ауызбіршілігі мен үйлесімділігіне мән берді. Онда сөйлеу мәнері мен сахна мәдениеті, ұлттық салт - дәстүрді білу деңгейі, киім үлгісінің ұлттық нақыштағы заманауилығы, сондай - ақ шығармашылық қабілеті мен сахнада өзін еркін ұстауы назарға алынды.

Осындай сынақтардан сүрінбей өткен ауданымыздың абысындары – халқымыздың «Абысын тату болса – ас көп» деген сөзін шындыққа шығарып, дәлелдеп қайтты. Жеңіс құтты болсын жерлестер.

Ербол СЫМХАНОВ.

ТҮСІНІП КӨР

ҚЫЗЫМА ҚАМҚОР БОЛАСЫҢ БА?

Жеті жыл бұрын менің құрбым Ольга Владикке тұрмысқа шықты. Ол жігітті мен де ұнататынмын. Тура үйлену тойы қарсаңында, ретін тауып, жігіттің басын айналдырып, өзіме қаратып алдым. Бірақ құрбымның күйеуімен байланысты жалғастыра бергім келмеген еді. Олар үйлену саяхатынан оралған күні - ақ Владик маған жетіп келіпті. Сіздер мені кінәлайды шығарсыздар. Менің орнымда болсаңыздар не істер едіңіздер. Өзіме арман болған жігіт маған келіп: сені сағындым, ойымнан мүлде кетпедің - деп, қымбат жүздікті ұсынып тұрса. Бас тартар ма едіңіздер? Мен қарсы бола алмадым. Ольгамен достықты үздім. Ол қоңырау шалса әртүрлі сылтау айтып, кездесуден қашақтады. Ол біртіндеп телефондауды тоқтатты. Мен Владиктің көңілдегі емес, екінші әйелі болдым. Ұл туып бердім, бизнесінде қиындық тұса қолымнан келгенше көмектестім. Ольга ара қатынасымызды біліп қойды. Бірақ жағдай өзгерген жоқ. Владик Ольганың алдына шарт қойыпты. Бәрі осы қалпында қалады, не ажырасамыз депті. Ольга қызын, қаражат жағын, күнкөрісті ойлап, бәрі бұрынғыша қалсын деген шешімге келді.

Владиктің бизнесі қарқынды дамып келе жатқан. Сауда орындарында, бала бағында Ольгамен кездесіп қалатынын. Ол жеккөре, көзімен ата қарайтын. Мен төмен қарап өте шығатынмын. Ештеңені өзгерткім келмеді. Өміріме риза едім. Владик болса ұлым екеуімізге екі бөлмелі пәтер, автомашина сыйлап, барлық жағынан қамқорлық көрсетіп отырды. Мен еш алаңсыз өзімнің сүйікті ісім - сурет салумен айналыса бердім.

Осыдан бірнеше ай бұрын тапсырыс бергендерге жіберу үшін суреттерді реттеп отырғанымда, есіктің қоңырауы шылдырлады. Ешкімді күткен жоқ едім. Владик Ольга мен қызын санаторийге алып кеткен. Ертең кешке бірақ қайтады. Басқа ешкіммен араласпаймын. Қоңыраулағанды қойып, есікті ұрғылай бастады. Есіктің көзшесінен сығаладым. Ольга! Ол мұнда не істеп жүр? Өлде олар санаторийге кетпеген бе? Өлде бірдеңе болып қалды ма?

- Катя аш. Менің уақытым аз,- деді Ольга сыртта тұрып. Мен есікті аштым. Далада жауын жоқ болса да, оның шәші де, киімі де малмандай су. Жүзінде жеккөрушілік емес, мұң бар сияқты.

- Оль, не болды. Үсті - басың неге су? Ойыма келген бірінші сұрақты қойып қалыппын.

Ол су киім ештеңе емес дегендей, қолын бір сілтеп, тез - тез сөйлей жөнелді.

- Мен сені жауым санап жеккөрдім, бірақ сенен басқа өтінер ешкімім жоқ. Менің қызыма қамқор боламын деп уәде бер. Менің туыстарым жоқ екенін білесің. Уәде берші!

- Оль саған не болған...

- Уәде бер!

Түк түсінбесемде уәде беремін дедім.

- Рахмет, Катя. Ол тез бұрылып кетіп қалды. Мен не ойлағанды білмей, Владикке қоңыраулата бастадым. Жауап жоқ. Ертеңінде ғана олар санаторийге бара жатқандарында жол апатына ұшырағандарын білдім. Кішкене қыз ғана аман қалыпты. Мәңгіріп қалыппын. Есімді жиып, өзіме өзім келгенде таңғаларлық жағдайға түсінбедім. Ольга маған келіп, қызыма қамқор бол деген кезде, ол одан бірнеше сағат бұрын апат болған жерде, біздің үйден бес жүз шақырым жерде өліп қалған екен. Сонда маған келіп уәдемді қалай алған?

Қазір Ольганың қызы мен өз ұлымды қатар тәрбиелеп отырмын.Екеуі де ержетіп келеді. Қызды қамқорлығыма алу да оңай болған жоқ. Күйеуім де, тұрақты жұмысым да жоқ. Владиктің менің ұлымды балам, мұрагерім деп мойындағаны бұл іске көп көмек болды.

Л.ЕКАТЕРИНА,

"Криминальное чтиво" басылымынан қазақшаға аударған Тілеухан ЕСЕБОЛАТОВ.

●"ТАЗА ҚАЗАҚСТАН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Тазалық мәдениеті дегеніміз не? Тазалықты қалыптастыруды халқымызға ешкім үйреткен жоқ. Табалдырығынан бастап төріне дейін таза болуды ұрпағына өнеге еткен текті ұрпақтанбыз ғой.

«Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі» деген тәмсілдің астарында қаншама мән - мағына бар десеңізші. Алайда, ісіміз бен сөзіміздің үйлеспей тұрғаны көңілге қаяу салады. Себебі, «Дала тазалығы – сана тазалығы» немесе «Сана тазармай, дала тазармайды» деген халқымыздың сөзі санаға үлкен ой салады. Таза ауыл, таза табиғат қалыптастыру мақсатында аудан жастарының бас-тамасымен сенбілік жұмыстары жүргізілуде. Тазалық айлығына ауылдың 14 - 29 жас аралығындағы ерікті жастар қолдау білдіруде. Жасыл ел – жастар жасақшылары ауыл ішіндегі көрікті орындарды тазалаумен қоса, ауыл сыртындағы Ілияс атамиз жырлаған «Арынды менің Ақсуымның» жағалауы мен «Таусамалы» ауылының жанындағы су қоймасынан бастап төменге қарай шашылған қоқыстарды, желмен ұшып жүрген қызылды - жасылды пакеттер мен сойылған малдардың терісі мен ішек – қарындары, қалдық сүйек – саяғы, босаған құтыларды тазалап жүр. Кейбір азаматтардың жауапсыздығынан күл - қоқыстар қайтадан пайда болып, тазаланған жерлер қайтадан ластанып жатқандығын көз көреді. Ұяласың!

Қоғамдық қызметке тартылған азаматтардың бүгін айнадай етіп тазартып кеткен жерлерде ертең қайта қоқыстың шашылып жатуы, бәрін былай қойғанда кісінің бір - бірінің еңбегін сыйламауының көрінісі сынды. Мұндай деңгеймен, мұндай түсінікпен таза аймақты қалыптастыру мүмкін емес. Осыдан барып, табиғаттан бөлек, тіпті

САНА ТАЗАРМАЙ, ДАЛА ТАЗАРМАЙДЫ



кейде көше бойларында жекелеген тұрғын үйлердің сыртқы аумағын қоқыстан арылтуға тырбанып кіріскендерге шекесінен қарап, көмектесуге талап та қылмайтын тұрғындардың саналық

тұрғыдан ортақ іске жанашырлығы мүлде төмен екендігіне анық көз жеткізгендей боламыз. Кейде көзіңше қолындағы қоқысын көліктің терезесінен лақтырып кете барар кейбірінің қылығы мүлде ерсі.

Таза
Қазақстан

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Қазір «Жазды күні шілде болғанда» дегендей күннің ыстығы су жағалауына шақыратыны шындық. Көкке шығып, дем алғаннан кейін отырған орнымызды тазалап кеткеніміз дұрыс болады. Бірақ, көпке топырақ шаша алмаймыз. Тазалап кететін жерлестеріміз де жетерлік. Алайда, шашып кететіндер де кездеседі. Бұл тақырып тұрғысында ауданымыздың үлкеніне де, кішісіне де аз насихатталып жатқан жоқ. Неге содан бір нәтиже шықпайды? Өздеріңіздің қонақтарыңызбен, бала – шағаларыңызбен дем алатын орындарыңыз емес пе? Демалыс орындарында мал өлекесі өз алдына, сойылған малдың лақтырылған бас - сирағы мен терісі күннің ыстығында саситыны шындық. Сіздерден кейін де дем алуға баратын адамдар бар екенін ұмытпаңыздар. Сондықтан көпшілік, халық болып тазалық мәселесіне қырағы болудың мәні зор. Кең дала, табиғат аясы, ауылдың ішкі тазалығы, барлығы да алдымен осындағы тұрғындардың сана мәдениетіне байланысты екенін білейік, түсінейік. Өңгіміміздің басында айтқан «Сана тазармай, дала тазармайды» дегеніміз осы.

Балғын ТІЛЕУБЕРГЕНОВА,
"Jetisy Jastary" коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің филиалы -
"Aqsy Jastary" - ның жетекшісі.

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫ ДЕПУТАТЫ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН АУДАНЫМЫЗДА

2025 жылдың 15 шілдесінде Ақсу ауданының орталығы – Илияс Жансүгіров ауылына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Сұлтан Мырзабекұлы Дүйсембинов пен Жетісу облыстық мәслихатының төрайымы Гүлнар Қожағұлқызы Тойлыбаева жұмыс сапарымен келді. Делегацияны аудан әкімі Берік Тынышбайұлы бастаған жергілікті билік өкілдері қарсы алып, қонақтарға ауданның әлеуметтік, инфрақұрылымдық және өндірістік әлеуетін таныстырды.



АУДАНДЫҚ АУРУХАНА – БАСТЫ НАЗАРДА



Сапар барысында делегация алдымен Ақсу аудандық орталық ауруханасына атбасын бұрды. Бұл нысанда қазір сейсмикалық тұрғыдан күшейту және күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Аурухана – аудан тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсететін маңызды мекеме болғандықтан, құрылыс жұмыстарының қарқыны мен сапасына ерекше мән беріліп отыр.

Сенат депутаты Сұлтан Дүйсембинов құрылыс алаңындағы жұмыс барысын көзбен көріп, мердігер мекеменің өкілдерімен пікірлесті. Ол жұмысшылар санын арттыру арқылы жөндеу қарқынын үдету, құрылыс кестесін қайта қарап, мерзімдерді оңтайландыру қажеттігін атап өтті. «Бұл – халықтың денсаулығына тікелей әсер ететін стратегиялық нысан. Сондықтан жауапты ұйымдар барлық жұмысты сапалы әрі уақытылы аяқтауы тиіс», – деді Сұлтан Мырзабекұлы.



АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА – КӨГІЛДІР ОТЫН

Келесі кезекте жұмыс тобы І.Жансүгіров ауылындағы автоматтандырылған газ тарату станциясының құрылысымен танысты. Бұл нысан іске қосылғанда ауыл тұрғындарын толықтай табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек. Делегация өкілдері құрылыс барысын бағамдап, газдандыру жұмыстарының маңыздылығын атап өтті.

– Табиғи газға қосылу ауыл халқының тұрмыс деңгейін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар экологиялық ахуалды да жақсартады. Бұл – Ел Президентінің тапсырмаларын орындаудағы маңызды қадам, – деді халық қалаулысы.



АҚСУ ҚАНТ ЗАУЫТЫ – ЖАҢА МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҚ



Сапардың соңғы бөлігі Ақсу қант зауытында өтті. Делегация зауыттың алдағы қант қызылшасын қабылдау және өңдеу науқанына дайындығын пысықтады. Өңірдің негізгі ауылшаруашылығы дақылы саналатын қант қызылшасын дер кезінде қабылдау, сақтау және өңдеу жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері қаралды.

Сенат депутаты мен облыстық мәслихат төрайымы зауыт басшылығына жаңа маусымға тыңғылықты дайындалу қажеттігін ескертті. Зауыт басшылығы бұл бағытта атқарылып жатқан шаралар жөнінде баяндап, жоспарларымен бөлісті. Төтті дәммен ғана емес, жүздеген адамның тұрмысын өрге сүйреп отырған алып кәсіпорын жаңа маусымға сақадай сай болуы тиіс. Бұл жөнінде Сенат депутаты:

– Ақсу ауданы – өңіріміздің қант қызылшасын өсіруде жетекші аудандарының бірі. Сондықтан зауыт жұмысындағы әрбір детальға аса мән беруіміз қажет, – деді Сұлтан Дүйсембинов.

Сапар соңында делегация ауданда жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарға оң баға беріп, әлеуметтік-экономикалық дамуды одан әрі жетілдіру үшін нақты тапсырмалар жүктеді.

**М.ШЫНДӘУЛЕТ,
өз тілшіміз.**

АҚСУ АУДАНЫНДА ЗАМАНАУИ БІЛІМ ОШАҒЫ БОЙ КӨТЕРУДЕ

«AMANAT» партиясы Бақылау Департаментінің директоры Бижуманов Даурен Еркенұлы жұмыс сапары аясында Ақсу ауданына қарасты Көлтабан ауылындағы жаңа мектеп құрылысының барысымен танысты. 120 оқушыға арналған заманауи білім беру нысаны биыл қазан айында ел игілігіне берілуі тиіс.

Үш қабатты мектеп ғимаратында 25 бұлдіршінге арналған шағын орталық та қарастырылған. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының бел ортасына жеткен. Шатыры жабылып, ішкі әрлеу, электр желілерін тарту, абаттандыру жұмыстары қатар жүргізілуде.

Жобаның тапсырыс берушісі – Жетісу облыстық құрылыс басқармасы. Құрылысты мердігер компания «СП НЕФТЬ» жүзеге асыруда. Аталған жоба 2023–2024 жылдары қаржыландырудың болмауына байланысты уақытша тоқтап қалған болатын. Ал, 2025 жылы республикалық бюджеттен 1,9 миллиард теңге бөлініп, жұмыс қайта жанданған. Құрылысқа рұқсат қағаз 2025 жылдың 20 қаңтарында алынған.

Бүгінде нысанда 40 жұмысшы және 2 арнайы техника жұмылдырылған. Құрылыстың 63 пайызы аяқталып, жоспарға сәйкес, мектеп 2025 жылғы 20 қазанға дейін толық пайдалануға беріледі деп күтілуде.



ЖАНСҮГІРОВ АУЫЛЫНДА КӨП ПӘТЕРЛІ ЖАҢА ТҰРҒЫН ҮЙ БОЙ КӨТЕРУДЕ

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Руслан Қожасбаевтың Жетісу облысына жасаған жұмыс сапары аясында Ақсу ауданының орталығы – Жансүгіров ауылында салынып жатқан 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысымен танысты. Тұрғын үйдің құрылысына республикалық және жергілікті бюджеттерден жалпы сомасы 1,3 миллиард теңге бөлінген. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының 80 пайызы аяқталған.

Жобада 15 бір бөлмелі, 15 екі бөлмелі және 30 үш бөлмелі пәтер қарастырылған. Басты ерекшелігі – бұл пәтерлердің көпшілігі әлеуметтік осал топтарға, атап айтқанда, көпбалалы отбасыларға, ата-анасынан айырылған балаларға, аз қамтылған отбасыларға және бюджеттік мекемелердің қызметкерлеріне бөлінетін болады.

– «Көбінесе үш бөлмелі пәтерлер көпбалалы аналарға беріледі. Қалғандары кезек тәртібімен, ата-анасыз қалған балалар мен әлеуметтік аз қамтылған азаматтарға бөлінеді. Сонымен қатар, ауданда 54 жеке үй жеке қаражат есебінен салынууда. Жыл соңына дейін олардың құрылысын аяқтап, үкімет есебінен сатып алу жоспарланып отыр», – деді Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Амандос Сабырбаев.

Қазіргі уақытта ғимараттың сыртқы қасбетін әрлеу, ішкі бөлмелерді бөлу және әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс алаңында 1 арнайы техника мен 48 құрылысшы еңбек етуде.

– «Осыдан бір ай бұрын Жансүгіров ауылының тұрғындары үлкен қуанышқа кенелді – 24 пәтерлі




көп қабатты үйдің кілті кезекте тұрған әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға, көпбалалы отбасылар мен жетім балаларға табысталды. Бұл – жай ғана құрылыс емес, бұл – ауыл тұрғындары үшін жаңа өмір сапасына жол ашатын әлеуметтік инвестиция», – деп атап өтті өз сөзінде Мәжіліс депутаты Руслан Қожасбаев.

Соңғы үш жылда Ақсу ауданының Жансүгіров, Қапал және Матай ауылдарында 117 отбасы жаңа қонысқа көшті. Айта кетсек, облыс құрылғаннан бері өңірде барлық қаржыландыру көздері есебінен шамамен 1 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде 5735 азамат баспаналы болды, ал, биыл тағы 2026 адамды тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарлануда.



«КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК» ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА



«Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтарының алдын алу мақсатында Ақсу

политехникалық колледжінің еңбек ұжымымен кездесу өткізді. Аудандық партия филиалының төрағасы А.Жанатбекқызы «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында мүмкіндігі шектеулі жандарға кедергісіз орта қалыптастыру мақсатында аудандағы бейімделуге жататын нысандар мен мүмкіндігі шектеулі жандар үшін бейімделуіне арналған орындарды аралап көріп, мониторинг жұмыстары жүргізіліп тұрады тұрақты. Ақсу аудандық Мансап орталығы филиалының директоры Б.Даулеткелдіқызы әр еңбек ұжымдарында мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастырудың 2-4% квотасының сақталуын қадағалау, сондай-ақ, оларды себепсіз жұмыстан шығару жағдайларының алдын алуымыз керек екендігін атап өтті.

Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
аудандық партия филиалының консультанты.

Дәнекерлеуші



2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланғаны аян. Бұл бастама өндіріс пен құрылыс саласында тер төгіп жүрген еңбек адамының беделін көтеруді көздеп отыр. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз!» деп нақтылап айтқан. Осы орайда өткен жылы «Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде 2024 жылдың маусым айында, көп балалы отбасы ретінде, жаңа бизнес - идеяларды іске асыру үшін 400 АЕК – 1 572 800 теңге мемлекеттік грантты ұтып алып, дәнекерлеуші болып еңбек етіп келе жатқан Байділданов Ербол Қалиханұлы жайлы әңгімелемекпіз.

Ербол Қалиханұлы 1989 жылы Б.Сырттанов ауылында қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келіп, еңбекке ерте араласқан азамат.

Темір мен оттың тілін терең түсінуге бел буған бозбала 2004 - 2008 жылдары Жансүгіров ауылындағы кәсіптік - техникалық училищесінде білім алып, дәнекерлеуші мамандығын меңгереді. Соны-



мен қатар есепші куәлігін де осы арадан алған.

- Дәнекерлеуші – нағыз ер - азаматқа тән мамандық. Бұл кәсіпте тек қол мен аяқ қана емес, баспен де жұмыс істеуің керек. Темірге жан бітіру – қауіпті де күрделі іс. Өз жұмысыңа үлкен жауапкершілікпен қарап, өлшеп-пішіп, нақты шешім қабылдай білу – осы саланың басты талабының бірі,- дейді ерекше маман иесі Ербол Қалиханұлы.

Бұл кәсіпке бала кезінен қызыққан Ерекең бұрын да темірлерді дәнекерлеп, қолдан келгенше өз үйінің айналасын қоршап, ағайын – туысқа көмектесіп жүретін. Грантты ұтып алғаннан кейін қажетті материалдардың барлығын сатып алып, шындап кірісті. Ол темір кесетін балгарка, жаңа моделдегі электр дәнекерлеуші аппарат,

оған қажетті темір щетка, т.б. заттарды өзі таңдап жүріп сатып алды. Қазіргі таңда өз үйінің алдынан жұмыс орнын ашып алып, әдемі қақпалар, тапшандар, балалар ойнайтын өткеншектер, сұраныс болып жатса қайтыс болған ауылдастарының зираттарын қолжетімді бағада жасап беріп ел алғысына бөленуде. Өзінің еңбекқорлығымен, тиянақтылығымен көзге түсіп, қарапайым жұмысшы бола жүріп үлкен құрметке ие болған маманның еңбек жолы бүгінде жастарға үлгі.

Қазіргі таңда ол өмірлік жары Ахметова Әсем Сейтханқызымен бірге үш қыз, бір ұл тәрбиелеп отырған өнегелі отбасы иесі. Көп балалы отбасын асырау үшін Ербол Қалиханұлы қол қусырып қарап отырмай өз кәсібін нәсіп етіп, тұрғын үйлерге жылу жүйесін жүргізіп, ауланың қақпа - есіктерін құрастырып, орнатумен айналысып, шеберлігін шындап келеді.

Иә, дәнекерлеуші болу – бұл оңай емес, алайда нағыз ер - азаматқа лайық іс. Бұл кәсіпке тек шеберлік қана емес, жүректілік те қажет. Себебі дәнекерлеу – дәлдік пен батылдықты талап ететін жауапты жұмыс. Расында да, Ербол Қалиханұлы сынды өз ісінің мамандары – өңірдің өндірістік әлеуетін арттырып жүрген нағыз еңбек ерлері. От пен темірді тілсіз бағындырған азаматтың өмірі мен еңбек жолы – нағыз жұмысшы мамандығын меңгергісі келетін аудан жастарына үлгі - өнеге.

Ербол СЫМХАНОВ.

Азаматтар мен заңды адамдардың өтініш беру механизмін түсіндіру құқықтарды, сондай-ақ тәртіпті қорғау үшін прокуратураға тартымды жауаптар

Прокуратура органдарына өтініштер келесі жолдармен беріледі:

- әдейі;
- пошта қызметі арқылы;
- электрондық үкімет порталы арқылы (электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған кезде);
- «e-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы.

Осыған байланысты, өтінішті тіркеу және қарау үшін оны жоғарыда аталған әдістердің бірімен прокуратура органдарына беру қажет.

Прокуратура органдарындағы өтініштерді қарау тәртібі «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабында, атап айтқанда:

- адам мен азаматтың, егер олар физиологиялық ерекшеліктеріне, психикасының бұзылуына және басқа да мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, көмелетке толмағандардың, сондай-ақ адамдардың шексіз шеңберін өз бетінше қорғай алмаса, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
- адамның және азаматтың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге, егер бұл мүдделерді қорғауды құзыретіне тиісті өкілеттіктер кіретін уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе немесе мұндай құқықтар болмаған жағдайда; дене;
- жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдар араласқан жағдайларда олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;

- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына және ұлттық қауіпсіздігіне төнген қауіпті болдырмау мақсатында;

- жойылмауы адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтыратын заң бұзушылық фактілері бойынша;

- Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша;

- Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша.

Өтінішті қарау мерзімі 15 жұмыс күнін құрайды.

Нақты мән-жайлар анықталған жағдайда, өтінішті дұрыс шешу, басқа мемлекеттік органдардан, меншік нысанына қарамастан мекемелерден, ұйымдардан ақпарат алу үшін шағымды қарау мерзімі басшының дәлелді шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін (2 айдан аспауы тиіс). Өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы өтініш берушіге мерзім ұзартылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде хабарланады.

Прокурордың әрекетіне (әрекетсіздігіне) және актілеріне осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Сот немесе жоғары тұрған прокурор прокурордың актілеріне немесе оның әрекеттеріне шағым бойынша шешім қабылданған дейін олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Жоғары тұрған прокурор жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағымды бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурордың актілерінің күшін жоюға, тоқтата тұруға немесе өзгертуге құқылы.

Санат БАЙТАСОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
Департаментінің өтініштерді
талдау және бақылау
бөлімінің прокуроры,
кіші әділет кеңесшісі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ақсу ауданының әкімдігі, 2025 жылғы 14 шілдедегі Ақсу ауданы прокуратурасының №2-04-25-00736 заңдылықтың бұзылуын жою туралы ұсынысына сәйкес, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөнінде» конкурс ұйымдастыру мақсатында 2025 жылдың 15 шілдесінде сағат 10.00-де өткізілуі жоспарланған конкурс өткізілмегендігін хабарлайды.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

2025 жылғы 15 шілде ауылдық округ әкімі аппаратының бас маман - іс жүргізушісі М.Р.Мұсанова халықпен кездесу өткізді, оның мақсаты электрондық мемлекеттік қызметтерді насихаттау болды. Тұрғындарға «өзіне-өзі қызмет көрсету секторы арқылы да, үйден шықпай-ақ мемлекеттік қызметтерді алу үшін ЭЦҚ алу қажеттігі туралы жеткізілді. Түсіндіру электрондық үкімет және электрондық қызметтер, электрондық-цифрлық қолтаңбаны қашықтан алу, бір реттік пароль арқылы қызметтерді алу сияқты тақырыптарға жүргізілді.

Мемлекеттік қызмет — көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға бағытталған мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Матай ауылдық округінде әкім аппараты жұмысының ажырамас бөлігі және басты бөлігі мемлекеттік қызмет көрсету болып табылады.

Мемлекеттік қызметтер қатарына: жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру, елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру және басқалар кіреді.

Барлық көрсетілетін мемлекеттік қызметтер белгіленген мерзімде уақтылы орындалады және тегін негізде көрсетіледі.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ НАСИХАТТАУ



Ауылдық округте ең көп талап етілетін қызмет «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» болып табылады.

Халықтың мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін арттыру мақсатында әкім

аппаратында өзіне-өзі қызмет көрсету секторы жұмыс істейді. Қажет болған жағдайда аппарат мамандары порталды пайдалану бойынша азаматтардың туындаған сұрақтарына жауап береді, электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде көрсетілетін қызметтерді алу тура-

лы ақпарат береді.

Компьютермен жұмыс тәжірибесі жоқ азаматтар электрондық үкімет порталы арқылы өз бетінше пайдаланушыларға көмек көрсетіледі. Оларға үйден шықпай-ақ барлық мемлекеттік қызметтерді алуға мүмкіндік береді.

Халыққа мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру және қол жетімділік мақсатында мемлекеттік мекеме ғимаратында көрнекі ақпарат бар стенд орналастырылған (көрсетілетін қызметтер тізімі, өтініш үлгілері, шағымдар журналы).

Округте мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша халықты ақпараттандыру бойынша тұрақты түрде: түсіндірме әңгімелер, дөңгелек үстелдер және осы тақырып бойынша ауылдық жиындарда брошюралар мен парақшалар берумен жұмыстары жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша шағымдар түскен жоқ.

Мемлекеттік қызметтерді алу туралы барлық қызықтырған сұрақтарға жауаптарды мына телефондар арқылы ала аласыз: 8(72843-62-3-40) Жетісу облысы, Ақсу ауданы әкімдігінің «Матай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі А.Қисабек көшесі, №19.

Мәлдір МҰСАНОВА,
Матай ауылдық округінің
бас маман, іс-жүргізушісі.

МӘМС ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ЕНІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР НЕ БЕРЕДІ?

Мемлекет басшысы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға енгізілген өзгерістерді ресми бекітіп, құжатқа қол қойды. Бұл өзгерістердің қарапайым азаматтар мен жалпы жүйеге қалай әсер ететіні жайында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры түсініктеме берді.

Халықты қамту аясын кеңейту Қазіргі уақытта халықтың 83%-ы сақтандырылған. Алайда шамамен 3,3 миллион адам МӘМС жүйесінен тыс қалып отыр.

Үкіметтің 2024 жылғы 7 шілдеде өткен кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыруды тапсырған болатын. «Әлеуметтік осал санаттарға жататын азаматтар үшін медициналық сақтандыруға аударымдар жергілікті бюджет есебінен төленуі тиіс», деген еді Президент.

Осыған байланысты халықты МӘМС жүйесімен барынша қамтуға мүмкіндік беретін жаңа шаралар қабылданды. Енді жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік әл-ауқат деңгейі бойынша дағдарыстық және шұғыл жағдайдағы (D және E деңгейі) санаттарына жататын азаматтар үшін МӘМС жарналарын төлейтін болады.

Осы шаралардың нәтижесінде 2026 жылы шамамен 1 миллион адам МӘМС жүйесімен қосымша қамтылмақ.

Сонымен қатар, ресми тіркелген жұмыссыздар үшін де жарналар жергілікті бюджет есебінен төленетін болады. Бұл өз кезегінде халықты жұмыспен қамту мәселелерінде өкімдіктердің жауапкершілігін арттырады. Өңірлер жұмыс орындарын құруға, кедейлікті азайтуға және халықты жұмыспен қамту бойынша белсенді шаралар қабылдауға ынталы болады.

Жарна төлеуде үзіліс болған жағдайда сақтандыру мәртебесін сақтау

МӘМС жүйесінде медициналық көмекті үздіксіз алу үшін жаңа норма енгізілді. Енді азаматтар кемінде бес жыл қатарынан жарна төлеген болса, уақытша төлем тоқтатылған жағдайда алты айға дейін сақтандырылған мәртебесін сақтай алады (бұған дейін бұл мерзім 3 ай болатын).

Мәселен, азамат бірнеше жыл бойы тұрақты түрде жұмыс істеп, жарналарын уақтылы төлеп келсе, бірақ кейін жұмысынан айы-

рылып, табыссыз қалған жағдайда оған МӘМС аясында медициналық қызмет көрсетіледі. Алайда кейін сол айлардағы берешекті өтеу қажет болады.

Бірыңғай пакетті қалыптастыру Мемлекет басшысы 2024 жылғы Жолдауында азаматтардың денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін «Бірыңғай медициналық көмек пакетін» жасауға ерекше назар аударған болатын.

Қабылданған өзгерістерге сәйкес, онкологиялық скринингтер 2026 жылдан бастап ТМҚК тізіміне өтеді және МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесіне қарамастан барлық азаматтар үшін тегін болады. Сондай-ақ, 8 әлеуметтік мәні бар ауруға (туберкулез, АИТВ, созылмалы вирусты гепатиттер мен бауыр циррозы, қатерлі ісіктер, психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар, орфандық аурулар, жедел миокард инфаркті, инсульт) күдік туындаған жағдайда консультативтік-диагностикалық көмек те тегін көрсетілетін болады. Бұған дейін мұндай көмек тек АИТВ мен туберкулезге күдік болғанда ғана ұсынылатын.

2026 жылдан бастап МӘМС-тің базалық пакетіне амбулаторлық диализ, сондай-ақ динамикалық бақылауды қажет ететін созылмалы аурулардың 12 тобы бойынша консультативтік-диагностикалық көмек, амбулаториялық дерлік қамтамасыз ету, жоспарлы түрде стационарлық және стационарды алмастыратын көмек кіреді. Аталған аурулар түзбесіне бауыр аурулары; қан мен қан түзуші ағзалар аурулары; жоғарғы асқорыту жолдарының аурулары; инфекциялық емес энтерит пен колит; артропатиялар, дорсопатиялар; қалқанша безі аурулары; қуық асты безінің гиперплазиясы; сүт безінің безгертсіз дисплазиясы; әйелдердің жыныс мүшелерінің қабынуы аурулары; бронхкепте дисплазиясы; жүректің туа біткен ақаулары; даму ақаулары жатады.

Жарна есептеу шегінің өзгеруі Халықты медициналық көмекпен қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі – медициналық сақтандыру жүйесінің қаржылық тұрақтылығы.

Осыған байланысты, 2026 жылғы қаңтардан бастап жарналар мен аударымдарды есептеу үшін

қолданылатын табыс көлемінің жоғарғы шегі жаңартылады:

- Жұмыс берушілер үшін – 40 ең төменгі жалақы (ЕТЖ),
- Қызметкерлер үшін – 20 ЕТЖ.

Бұл — бастапқыда ұсынылған 50 ЕТЖ орнына қабылданған келісімді шешім, яғни жүйенің тұрақтылығын сақтай отырып, салық жүктемесінің шектен тыс өсуіне жол бермейді.

Аталған өзгеріс жүйенің қаржылық тұрақтылығын нығайтып қана қоймай, азаматтардың денсаулық сақтау шығындарын өтеудегі жауапкершілікті әділ және теңдей бөлу қағидатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Осы шараның нәтижесінде МӘМС жүйесінің табысы жылына шамамен 200 млрд теңгеге артады деп күтілуде.

Мемлекет жарнасының мөлшерлемесін арттыру

Заңнамаға сәйкес, мемлекет МӘМС жүйесінде жеңілдігі бар санаттарға жататын азаматтар үшін жарна төлейді. Бұл жарналар республикалық бюджеттен бөлініп, балалар, зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, жүкті әйелдер және тағы басқа 15 санаттағы азаматтардың медициналық көмек алуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда МӘМС жүйесіне төленетін жарналар мен аударымдардың мөлшері ең төмен деңгейде – 2025 жылғы 2%. Салыстырмалы түрде, басқа елдерде бұл көрсеткіш 9–14,5% аралығында. Жүйені бастапқы жобалау кезінде жарна мөлшерлемелері жоғарырақ болып жоспарланған, алайда жүйе іске қосылған кезде олар едәуір төмендетілген еді.

Алайда, «Бірыңғай медициналық көмек пакеті» енгізіліп, МӘМС жүйесінде қосымша міндеттемелердің қосылуына байланысты жүйенің қаржылық жүктемесі күрт өсіп отыр. Осыған байланысты мемлекет тарапынан жарна мөлшерлемелерін кезек-кезеңімен арттыру ұсынылуда:

- 2027 жылы – 2,2%,
- 2037 жылға дейін – 4,7%-ға дейін біртіндеп өсіру.

Бұл ретте жұмыс берушілер мен жұмыскерлер үшін жарна мөлшерлемелері өзгеріссіз қалады.

«ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНЫ, ЖАНСҮГІРОВ, ЖАҢАЛЫҚ, КӨШКЕНТАЛ ЖӘНЕ ОЙТОҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ САЙЛАНҒАН ӘКІМДЕРІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2025 жылғы «13» шілдесінде өткен Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылдық округі әкімі сайлауының қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде, Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 1985 жылы туған, Ақсу ауданының, Жансүгіров ауылында тұратын, Ақсу ауданы әкімдігінің «Жансүгіров ауылдық округі әкімі аппаратының» ММ-нің әкімі, Мусабаланов Ильяс Сабитовичті Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылдық округінің әкімі ретінде тіркеді.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2025 жылғы «13» шілдесінде өткен Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жаңалық ауылдық округі әкімі сайлауының қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде, Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 1979 жылы туған, Ақсу ауданының, Жаңалық ауылында тұратын, Сапарғалиев Ринат Дүйсенғалиевичті Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жаңалық ауылдық округінің әкімі ретінде тіркеді.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2025 жылғы «13» шілдесінде өткен Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Көшкентал ауылдық округі әкімі сайлауының қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде, Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 1979 жылы туған, Ақсу ауданының, Көшкентал ауылында тұратын, Ақсу ауданы әкімдігінің «Көшкентал ауылдық округ әкімі аппаратының» ММ-нің әкімі Алдабергенов Олжас Жумашевичті Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Көшкентал ауылдық округінің әкімі ретінде тіркеді.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2025 жылғы «13» шілдесінде өткен Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Ойтоған ауылдық округі әкімі сайлауының қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде, Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 1983 жылы туған, Ақсу ауданының, Ойтоған ауылында тұратын, «Қалқаман» шаруа қожалығының басшысы Қалқаман Еркебұланды Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Ойтоған ауылдық округінің әкімі ретінде тіркеді

АҚСУ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

#ЗАҢ ЖӘНЕ ТӨРТІП

Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 197 (153) интернет алаяқтық фактілері тіркелген, жалпы алғанда өткен жылмен салыстырғанда интернет-алаықтық 28,8%-ға азайған.

197 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-108, Текелі қаласы – 19, Ақсу – 9, Алакөл – 11, Ескелді – 10, Кербұлақ – 8, Көксу – 6, Қаратал – 10, Панфилов – 7, Сарқан – 9. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде, Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артық жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаықтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайтарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пай-

АБАЙЛАҢЫЗ ИНТЕРНЕТ



АЛАЯҚТАР

даланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИИМ қылмыскерлердің

алаықтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады. ИИМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни, 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Серікжан МЕРЕЙХАН,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің аға прокуроры.

КІТАП - ЖАЗДЫҢ ЕҢ ЖАҚЫН ДОСЫ



Жаз – демалыс пен тынығудың, серуен мен жаңа әсерлердің маусымы. Көпшілігіміз үшін бұл мезгіл – күннің шуағына бөленіп, табиғаттың тамаша сәттерінен ләззат алатын ең көңілді кезең. Дегенмен жаз айларын тек ойын-сауықпен емес, пайдалы әрі қызықты іспен де өткізуге болады. Соның бірі – кітап оқу.

Кітап – баланың ең жақын досы, ақылшысы. Әр беті жаңа әлемге жетелейді: ертегілер еліне, батырлар әлеміне, ғажайып табиғатқа немесе

ғылым мен білімнің терең сырларына жетелейді. Жазғы демалыста көркем әдебиет пен танымдық кітаптарды оқи отырып, біз тек қана сөздік қорымызды байытып қоймаймыз, сонымен қатар қиялымызды ұштаймыз, ой - өрісімізді кеңейтеміз.

Кітапхана – тек кітап оқу орны ғана емес, сонымен қатар жаңа достар табуға, ой бөлісуге және білім көкжиегін кеңейтуге арналған орта.

Жаз мезгілінде «Жарқын жаз кітаппен бірге» атты жобасы аясында түрлі іс-шаралар,

кітап көрмелері, әдеби кештер жүргізіледі. Сондай шаралардың бірі Е.Сықымов атындағы орта мектеп интернатының жанынан құрылған «Айгөлек» жазғы тынығу лагерь балаларымен өтті.


Жазғы уақыт рухани дамуға мүмкіндік беретін керемет кезең. Осы жайдары күндерді пайдалы әрі есте қаларлықтай өткізу үшін сіздерді «Ақын Сара» атындағы мәдениет үйінде орналасқан аудандық балалар кітапханасына шақырамыз! Біздің кітапханада Сіздерге арналған: Әр жастағы оқырмандарға лайықты қызықты кітаптар; Ертегілер мен хикаялар әлеміне жетелейтін балалар әдебиеті; Танымдық, ғылыми, көркем және тарихи шығармалар; Жазғы оқу бұрыштары бар.

Кітапханадағы жазғы оқу бағдарламалары балалардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттырып, бос уақытын мәнді өткізуге көмектеседі.

Құрметті оқырмандар! Кітап Сізге әрдайым шексіз білім мен шабыт сыйлайды. Осы жазды кітаппен достасуға, кітапханаға жиі келуге арнаңыздар! Кітаппен өткізген әрбір күн – жүрекке жылы естелік, болашаққа берік қадам болмақ!

Б.АБДЫРАХМАНОВА,
аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.

"АМАНАТ" ПАРТИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУҒА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ ЖАЛҒАСУДА



Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Ұлы Дала» республикалық байқауына қатысуға өтінімдер қабылданауда.

Бұл жолғы байқау Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылып, ойшылдың «толық адам», «еңбек», «ғылым», «тәрбие» сияқты ұғымдарын көркем әдебиет аясында дәріптеуге, бүгінгі әдебиетпен сабақтастыруға бағытталған. Сонымен қатар биылғы «Жұмысшы мамандықтары жылы» да байқау

тақырыптарының бірі ретінде айқындалған.

Байқауға 18-45 жас аралығындағы авторлар қатыса алады.

Номинациялар:
– Проза
– Поэзия
– Драматургия
– Әдеби сын
– Балаларға арналған шығарма (фантастикалық жанр рұқсат етіледі)
Байқау аясында арнайы жүлделер тағайындалған:
– Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына
– Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына

– «Алаш аманаты»

Шығармалар 1 шілдеден 30 қазанға дейін қабылданады.

Барлық жұмыстар бүркеншік атпен ulydala@amanatparty.kz поштасына жолданады.

Іріктелген шығармалар күнделікті aikunp.kz – «Ұлы Дала» аударында жарияланады.

Қазылар алқасы 1–15 қараша аралығында жеңімпаздарды анықтайды.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Астанада өтеді.

Барлық ереже мен талаптар — amanatparty.kz сайтында.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ САНИТАРИЯЛЫҚ – ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ – ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ АҚСУ АУДАНДЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ – ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ БАСШЫСЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері
1	Темирханов Берик Елемесович	Ақсу аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы	Дүйсенбі Сағат: 10.00-11.00 Сейсенбі Сағат: 15.00-16.00 Сәрсенбі Сағат: 10.00-11.00 Бейсенбі Сағат: 15.00-16.00 Жұма Сағат: 10.00-11.00	040100, Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 1 үй, 2- қабат

Байланыс телефоны 8 (72832) 2 18 39.

АУДАНДЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ – ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ.

ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРЕМИЗМ - ӘЛЕМГЕ ТӨНГЕН ҚАУІП

Терроризм ғасырлық дерт. Бейбіт елге төнген үлкен қауіп және мемлекеттің билігін күйретуге әкеп соқтырған қауіп. Діни экстремизм мен терроризм - демократиядағы рухани, діни құндылықтарға, мұраларымызға және саяси мәселелерде, заңдардың ережелеріне, жеке адамның құқықтарын сондай-ақ, әрбір тұлғаның діні, тілі, на-ным сенімдерін құрметтеу және тұрақтылық пен толеранттылыққа қарсы тұру болып табылады.

Қазақстан дүниежүзіндегі бейбітшілік пен татулықты қастерлейтін мемлекет. Тәуелсіздік алған сәттен бастап, әлемнің түкпір-түкпіріндегі мемлекеттермен бейбітшілікті орнатып, саяси, мәдени, рухани, достық қарым-қатынас орнатты. Қазіргі уақытта терроризм мен экстремизмнің таралуы еліміздің қауіпсіздігі мен бейбітшілікте өмір сүріп жатқан қоғамның тұрақтылығына нұқсан келтіретін бірден бір жау. Халықты қинап, бейбітшілікті жойып, заң бұзушылық және құқық бұзушылық әрекеттерге әкеп соқтыратын және елді күйрететін қауіп. Қазіргі таңда, осы терроризм мен экстремизмнің көрінісі



мемлекетіміздің ғана емес, бүкіл әлемдік өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жастарымыз дәстүрлі емес діни ағымдардың қырларын білмегендіктен сол ұйымдарға бет бұрып кетеді.

Жастардың діни көзқарасы әлі де өзекті мәселе болып табылады және жүйелі талдауды қажет етеді. Жастарымыздың адамзаттық болмыстағы, әсіресе, дін саласы сияқты нәзік саладағы

құнды бағдарларын білу өте маңызды. Себебі, адамның жеке тұлға ретінде көбінесе жас жылдарында қалыптаса бастайды.

Қолдауға ие мемлекет лаңкестік және террорлық әрекеттерге бөгет жасап, ел ішіндегі бірлестікті сақтауға төтеп береді. Қауіппен күресу мемлекет органдарының ғана емес, әрбір қазақстандық, адамзаттың міндеті.

Осы бағыттарды жою мақсатында Б.Сырттанов ауылдық клуб қызметкерлері тұрақты түрде тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізуде.


Т.ШҰЛҒАУБАЕВ,
Б.Сырттанов ауылдық клубының меңгерушісі.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Қазіргі заманда сыбайлас жемқорлық қоғамның дамуына кедергі болатын, болашаққа кесірін тигізетін індет деп бағалануда. Сондықтан да сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – тек құзырлы органдардың ғана емес, барша халықтың, саяси қоғамдық ұйымдардың да атсалысуын қажет ететін шара.

Әлемді әбігерге салған жемқорлықпен күресте құқықтық сауаттылықты арттыру мейлінше оң әсерін тигізеді. Өйткені, сауатты адам өз құқығын ешкімге таптатпайды, өз мәселесін құқықтық шеңберде шешуге және жемқорлықты айналып өтуге тырысады. Сол себепті, азаматтардың құқықтық сауатын көтеру үшін заң баптарын түсіндіру мақсатында тұрақты түрде жиындар, семинарлар өткізіліп, масс-медиада сыбайлас жемқорлыққа қарсы материалдар үздіксіз жарияланып тұрады және мемлекеттік органның лауазымды тұлғалары жеке және заңды тұлға өкілдерін жеке қабылдау жүргізеді.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Заңдары, Қылмыстық, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстері құрайды. Осы заңнамаға сәйкес, мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық



құқық бұзушылықтарға жол бермеуге және басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан жасалатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесуге тиіс. Жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кезінде өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабарлайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қатысады, бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша әлеуметтік маңызды іс-шаралар ұйымдастырады.

Жалпы осы іс-шараларды шынайы орындау үшін әрбір лауазым иесі өзінің жан-дүниесін ұдайы таза, адал ұстауы тиіс. Сонда ғана олар қарапайым халықтың сенімін ақтап, қоғамның тежеусіз дамуына үлес қосқан болар еді.

Арна ЕЛУБАЕВА,
аудандық СЭББ заңгері.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күздік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2254

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz
Индекс: 66750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.